

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
медицина университеті

Тақырыбы:

Стационар деңгейіндегі ақпараттық жүйелер

Факультет: Қоғамдық денсаулық сақтау

Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау

Группа: 407

Орындаған: Қалымбетов.И.

Жоспар:

I.Кіріспе

II. Негізгі бөлім:

- Стационар туралы жалпы түсінік
- Күндізгі стационар
- Күндізгі стационардың негізгі міндеттері
- Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің өмірлік циклі бес негізгі кезеңі
 - Дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орны
Дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орнының атқаратын қызметі

III.Қорытынды

Кіріспе

Аурухана(стационар) - емделушілерге арналған тұрақты орын (төсек орындары) бар медициналық мекеме.



- **Күндізгі стационар-медициналық көмек** көрсетудің заманауи түрі, ол ауруханаға жатқызылатын науқастарды амбулаторлық жағдайда диагностикалық емдік және жансақтау іс-шаралары болып табылады.

Күндізгі стационар шын мәнінде тәулік бойы медициналық бақылауды қажет етпейтін пациенттерге амбулаторлық және емханалық стационарлық медициналық көмек арасындағы аралық тізбек болып табылады.

Күндізгі стационар, науқастарды күндізгі уақытта ауруханаға жатқызу арқылы үнемі дәрігердің бақылауын қажет етпейтін білікті медициналық көмек көрсету үшін ұйымдастырылады.

Күндізгі стационарды күндізгі стационар меңгерушісі басшылыққа алады.

Күндізгі стационардың негізгі міндеттері:

- 1. Дәрігердің тәулік бойғы қадағалау көрсеткіштері болмаған жағдайда науқастардың асқынған және созылмалы ауруларын емдеу және диагностикалау іс-шараларын өткізу;
- 2. Амбулаторлық -емханалық мекеме жағдайында науқастарға білікті медициналық көмек көрсету және көрсеткіштер болған жағдайда оларды ауруханаға жатқызуды қамтамасыз ету;
- 3. Толық емделмегенде, отадан кейінгі кезеңде және т.б ЕПҰ-нан шыққаннан кейінгі науқастарды өршіген аурудың басылу кезеңінде оларды қайта қалпына келтіру, емдеуді аяқтау;
- 4. Науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша басқа амбулаторлық-емханалық мекемелердің емдеу бөлімшелерімен және емдеу мекемелерінің стационарлық бөлімшелерімен сабақтастықты қамтамасыз ету;
- 5. Диспансерлік есептегі науқастарға алдын алу және емдік сауықтыру іс-шараларын өткізу.

Ақпараттық жүйе дегеніміз – алдын – ала жинақталған құжаттар жиыны мен ақпараттық технологиялар, сонымен қатар есептеу техникасы мен байланыс құралдарын қолдану арқылы ақпараттық процестерді жүзеге асыратын жүйелер.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің өмірлік циклі бес негізгі кезеңі

- жүйені әзірлеу немесе толық жүйеге ие болу;
 - Жүйені енгізу;
- Бағдарламалық жасақтамаға қызмет көрсету;
 - Жүйенің жұмысы;
 - Жүйені бөлшектеу.

Медициналық ақпараттық жүйелердің негізгі деңгейлері мыналар болып табылады:

- Базалық деңгей - клиникалық немесе әртүрлі профильдегі дәрігерлер
- Территориальды деңгей - профильді немесе мамандандырылған медициналық қызметтер және аймақтық басқару органдары

- **Базалық деңгейдегі** медициналық ақпараттық жүйелер информациялық технологияларды дәлірек медико-технологиялық ақпараттық жүйелер қамтамасыз етеді. Бұл топтағы жүйелер әртүрлі саладағы дәрігерлерге әр түрлі деңгейдегі есептерді ақпараттық өңдеу арқылы шығару үшін кең түрде қолданылады. Бұлардың басты мақсаты дәрігер-клиницистке, гигиенистке, лаборанттарға әртүрлі тапсырмаларды орындау мақсатында компьютерлік қол ұшын беру болып табылады. Олар профилактикалық және емдік диагностикалық жұмыстардың сапасының артуына ықпал жасайды.

Медициналық ақпараттық жүйелердің **территориялық деңгейі** -кәсіби медициналық қызметтердің , емханалардың, жедел жәрдемнің территориялық деңгейде басқаруға арналған программалық жиынтық.

- **Дәрігердің негізгі мақсаты-** науқастарды амбулаторлы және үйінде емдеу, профилактика мен диспансеризация жүргізу, медициналық документацияны өткізу және басқарушы алдында жұмыс туралы есеп беру. Дәрігердің ең шаршататын жұмысы – “қағаздық”. Бұл амбулаторлы карталарды толтыру, әртүрлі бөлімдерін көшіру болып келеді.

“Дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орны” - кез-келген медициналық ақпараттық жүйенің орталық бөлімі. Бұл дәрігердің қызметі жалпы максималды және толық түрде автоматтандырылған, яғни нақты бағыттағы арнайы стационар мен поликлиникадағы жұмысқа шартталған болып келеді. Сондықтан дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орны көпт еген медициналық мекемелерде қолданылады.

Жұмыстың келесі бағыттарында тиімді компьютерлік құралдары бар

- *электронды ауру тарихын енгізу (электронды медициналық карта);*
- *науқастарды тіркеу, электронды карточканың құрылуы, керекті ақпараттарды тез іздеу;*
- *мамандандырылған тексеру карталарын толтыру;*
- *науқастардың шағымын, өмірі мен денсаулығының анализін объективті тұрғыдан мәліметтерін енгізу;*
- *бақылауларды мәліметтерін, науқас жағдайының белгіленген өзгерістер ақпаратын, қаралу нәтижелерін, нұсқауларды тез енгізу;*
- *МКБ-10 бойынша диагнозды автоматтандыру;*
- *консультацияға бағыттау;*

Дәрігердің автоматтандырылған жұмыс орынының атқаратын қызметі:

- *Амбулаторлы картаға науқастың мәліметтерін жылдам енгізу;*
- *Амбулаторлы картаның барлық құжаттары бір-бірімен байланысты;*
- *Мәліметтер дәрігерге үйреншікті формада – қарапайым стандартты бланк түрінде енгізіледі;*
- *Электронды анықтамалық жүйелер – МКБ10, медикаменттер тізімі және т.б. өңделген;*
- *Аналогты құжаттарды – диагноз типі, емдеудің сапалы нәтижелері және т.б.*
- *архив және базадағы келесі құжаттар бойынша іздеу жүйесі өңделген;*
- *Қосымша статистикалық есеп беру формаларын толтыру шығарылған, себебі негізгі статистикалық есеп берулер автоматты түрде амбулаторлы карта негізінде құрылады;*
- *Мәліметтерді өткізуде бақылау автоматтандырылған;*
- *Толтыру процессінде өңделген документтерді қарап шығу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.*

Қорытынды

- Қазіргі таңда медицинаның күрт дамуына байланысты кездесетін шешімі қиын мәселелер саныда арта түсуде. Әрине бұл жолда компьютерлік ақпарат және компьютерлік техника осы мәселелерді шешуді жеңілдету үстінде. Компьютерлік технологиялардың дамуы түрлерінің көптігі қызметтік дәрежелерінің жоғарылауы медицинада сенімділікті арттырады. Дәрігерлерге , медициналық қызметшілерге жеңісті нәтижеге жету үшін медициналық компьютерлік ақпараттық жүйені ұтымды және кеңінен қолдану керек. Медициналық ақпараттық жүйелердің территориялық деңгейі -кәсіби медициналық қызметтердің , емханалардың, жедел жәрдемнің территориялық деңгейде басқаруға арналған программалық жиынтығы болып табылды. Базалық деңгейдегі ақпараттық жүйелер медицинаның барлық саласында кеңінен қолданылу жолында. Бұл тек дәрігерлерге ауруды анықтап қана қоймай диагнозын емдеу шараларын да жоспарлауға зор мүмкіншілік тудырып отыр. Осының арқасында дәрігерлердің біліктілігін арттырып жұмысын жеңілдетуде.